

**Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Махамбет
аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналық мемлекеттік кәсіпорынының
хаттамасы
№4**

Махамбет ауылы

17 желтоқсан 2025 жыл

Күн тәртібінде :

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмысы туралы
2. Медициналық қорытындылар мен анықтамаларды заңсыз беру жағдайларының алдын алу және оның құқықтық жауапкершілігі туралы түсіндіру.

Қатысқандар: (қызметкерлердің тізімі қоса беріледі немесе жазылады)

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру;
2. Медициналық қызметкерлердің этикасы мен жауапкершілігі туралы ақпарат беру;
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мысалдарын келтіре отырып, алдын алу шараларын талқылау.
2. Медициналық құжаттарды заңсыз беру – ҚР Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс бойынша жауапкершілікке әкелетін әрекет екені түсіндірілді.
3. Қорытынды мен анықтамаларды тек нақты тексеру нәтижесіне және медициналық көрсеткішке сәйкес рәсімдеу қажеттігі айтылды.
4. Аурудың белгілерінсіз анықтама беру, өтірік диагноз қою – қызметтік этикаға қайшы әрі құқық бұзушылық.
5. Әр қызметкер науқастың жеке деректерін қорғау, шынайы медициналық ақпарат беру қағидаларын ұстануға міндетті.
6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында ішкі бақылау мен мониторинг жұмыстары тұрақты жүргізілетіні ескертілді.

Тыңдалды:

Махамбет аудандық ауруханасының комплаенс офицері С.Галиева:
ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі нормаларын түсіндіріп өтті. Мемлекеттік қызметте, соның ішінде денсаулық сақтау саласында парақорлық пен қызмет бабын асыра пайдаланудың алдын алудың маңыздылығына тоқталды.

Талқыланды:

Қатысушыларға төмендегідей ескертулер мен ұсыныстар берілді:

- Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу;

- Қызмет барысында мүдделер қақтығысын болдырмау;
- Барлық қабылданған шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету;
- Заңбұзушылықты байқаған жағдайда уәкілетті органдарға хабарлау.

Қорытынды:

1. Қызметкерлерге жауапкершілікті арттыру, заң аясында әрекет ету, медициналық құжаттарды рәсімдеуде шынайылықты сақтау міндеттері жүктелді.
2. Барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен таныстырылу жүктелді.
3. Жыл сайын ішкі түсіндіру және бақылау жұмыстарын жалғастыру.

Жиналыс төрағасы:

С.Сандыбаев

Комплаенс офицері:

С.Галиева